

Корей халқының мәдениеті



Шығу тегі

Корейліктер, коре сарам ("Коре елінің адамдары"), чосон сарам ("Чосон елінің адамдары"), хангук сарам ("Хангук елінің адамдары"). Қазақстан Республикасында тұратын корейліктер өздерін коре сарам деп атайды.



Корей әріптері

ㄱ	ㄲ	ㄴ	ㄷ	ㄸ	ㄹ	ㅁ	ㅂ	ㅃ	ㅇ
g, k	kk	n	d, t	tt	l	m	b, p	pp	h
ㅅ	ㅆ	ㅇ	ㅈ	ㅉ	ㅊ	ㅋ	ㅌ	ㅍ	ㅊ
s	ss	ng	j	jj	ch	k	t	p	wa
ㅏ	ㅑ	ㅓ	ㅕ	ㅗ	ㅛ	ㅜ	ㅠ	ㅡ	ㅝ
a	ae	ya	yae	eo	e	yeo	ye	o	wae
ㅟ	ㅠ	ㅓ	ㅕ	ㅞ	ㅗ	ㅠ	ㅡ	ㅓ	ㅣ
oe	yo	u	wo	we	wi	yu	eu	ui	i

Корей тілі – Азияның ежелгі тілдеріне жататын оқшауланған тіл. Кореяның Қытаймен көршілес орналасқандықтан осы елмен байланыс жасайтын болған, өз жазулары болмағандықтан корейліктер мың жылдан аса уақыт қытай иероглифтерін пайдаланаған. Қазіргі корей тілінің негізін салушы Джу Си Генъ (1876— 1914 жж.) болып табылды. Ол өзінің қысқа өмірін корей ұлттық тілінің бекітілуіне арнаған болатын. Корей тілінің бірегей фонетикасы, түсінікті грамматикасы мен бай лексикасы бар. Корей жазуы әріптік-буындық және солдан оңға қарай жазылады. Әліпбиі 14 дауыссыз, 10 дауысты әріптерден тұрады.

Дәстүрлі шаруашылығы

Корейліктердің дәстүрлі шаруашылығы жер жырту, өңдеу, өсіретін басты дәнді дақылдары-күріш болып табылады. Техникалық мәдени дақылдар- мақта, сора, темекі, женшень, кунжут және т.б. Қауын, қарбыз және т.б жеміс-жидектер өсірген. Ауыл шаруашылығының ежелгі саласының бірі- жібек өсіру. Жағалауға жақын жерлерде балық аулау, теңіз аңдарын аулау және балдырлар жинау дамыған.



